

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, ақпарат және жағдайларды талдау жөніндегі орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 850 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, ақпарат және жағдайларды талдау жөніндегі орталық» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) таратылатын кәсіпорын кредиторларының талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлікті қайта бөлуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 8

қ а з а н д а ғ ы

№ 8 5 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Республикалық ақпараттық-техникалық орталығын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Есептеу техникасы, телекоммуникациялар, ақпараттама және жағдайлық талдау жөніндегі республикалық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны етіп қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қыркүйектегі № 1390 қаулысы.

2. «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 сәуірдегі № 482 қаулысының 2-тармағының 2) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 15, 155-күжат).

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі № 482 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 мамырдағы № 537 қаулысы.